ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ
(Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған)

2024 жылғы 25 сәуір Іс № 3514-24-00-2/1614 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Іле ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ЖАСА» Жанат Бердикаловна Урганчбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Аталған іс Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тармағына сәйкес, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШТІ:
«Іле ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «ЖАСА» Жанат Бердикаловна Урганчбаеваны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қойылған талабы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ЖАСА» Жанат Бердикаловна Урганчбаеваны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 25.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.06.2024, судья Буебаева Г. Т., 04.06.2024
3514-24-3-1/1586

Дара кәсіпкер «ЖАСА» Жанат Бердикаловна Урганчбаевадан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 25.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.06.2024, судья Буебаева Г. Т., 04.06.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

3514-24-3-1/1586